ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 01 шілде іс №7119-25-00-2/6078 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«MATAS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2) Тұрақсыздық айыбын өндірі туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІМІ:</u>

№1 талап бойынша

2025 жылдың 4 сәуірде «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен «MATAS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (өнім беруші) арасында № 266 мемлекттік сатып алу туралы шарт жасалған, онда жауапкер автокөліктерге қосалқы бөлшектерін ауыстырып жөндеу және техникалық қызмет көрсету туралы міндеттеме алған. Өнім беруші шарт бойынша жалпы сомасы 2 849 280 теңге. Қызмет көрсету мерзімі тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде қызмет көрсетуге міндеттенген.

2025 жылғы 4 сәуірде тапсырыс беруші өнім берушіге техникалық ерекшелікке сай қызмет көрсету туралы өтінім жолдаған, атап айтқанда 2025 жылғы 23 сәуірге дейін.

Алайда жауапкер тарапынан қызмет көрсету көрсетілген мерзімде атқарылмаған.

Тараптар арасында аталған шарт біржақты 2025 жылғы 24 мамырда бұзылған.

Талап қоюшы шарт талаптарын тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және одан тұрақсыздық айыбын өндіруді талап етті.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі ол, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Шарт талаптарын сай өнім берушілер шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Жауапкер «MATAS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі шарт талаптарын орындамаған, атап айтқанда тапсырыс берушімен техникалық ерекшеліктегі талаптарға сай келетін қызмет көрсетілмеген, бұнда шарт талаптары жауапкермен бұзылған. Жауапкер шартты орындамаудың дәлелді себептерін растайтын құжаттарды сотқа табыс етпеді. Жауапкердің кінәсінен талап қоюшыға теріс салдар алып келген, онда автокөліктер тиісінше қызмет атқара алмай келеді.

Біржақты тәртіппен бұзылған шарт жауапкермен дауланбады.

Істің мұндай жағдайында, жауапкер «MATAS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылуға жатады.

№2 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл, өсімақы) айыбы, борышкердің міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда несие берушіге заңмен немесе келісім-шартпен анықталған ақша сомасын төлеуге міндетті.

Шарттың 8.3-тармағына сәйкес шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін жеткізіп беруші тапсырыс берушіге әрбір бұзушылық жағдайы үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық өтейді.

Талап қоюшының ұсынған есебіне сәйкес:

Шарты бойынша қызмет көрсету уақытының мерзімін өткізіп алу 30 күнді құрайды, 2 849 280 теңге х 0,1% х 30 күн = 85 478 теңге.

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 01.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 07.08.2025, судья Жетибаев Ж. К., 05.09.2025

7119-25-3-1/5858

Сондықтан, жауапкерден шарт талаптарын орындамағаны үшін талап қоюшының пайдасына көрсетілген мөлшерде тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 117-бабына сәйкес, мемлекеттік баж 1 966 теңге және 109-бабына сай 2 564 теңге талап қоюшының пайдасына сот шығыны жауапкерден өндіріліп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «MATAS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «MATAS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп танылсын.

Жауапкер «MATAS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 85 478 (сексен бес мың төрт жүз жетпіс сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы және 2 564 (екі мың бес жүз алпыс төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «MATAS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 01.07.2025
Заңды күшіне енген күні: 07.08.2025, судья Жетибаев Ж. К., 05.09.2025
7119-25-3-1/5858

Судья **Ж.К.Жетібаев**

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 01.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 07.08.2025, судья Жетибаев Ж. К., 05.09.2025

7119-25-3-1/5858